Gazet - halyqtyń kózi, qulaǵy hám tili

# Shet shuǵylasy

Shet aýdandyq qoǵamdyq-saıasi gazeti | Gazet 1937 jyldan bastap shyǵady | beısenbi, 5 aqpan 2026 jyl №05 (11201)



Салтанатты шара

## ЗАМАНАУИ ТАЛАПҚА САЙ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТТІ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтық қорғау жүйесінің маңыздылығына ерекше тоқталып, үнемі жаңғыртуды қажет ететінін, бүгінде озық әлемдік тәжірибені үлгі ету, заманауи технологияларды енгізу өте маңызды шаруа болып отырғанын атап өткен болатын.**

**Төтенше жағдай қызметі - қиын әрі қатерлі жұмыс екені баршамызға аян. Сондықтан да бұл салаға ерекше маңыз беріліп отыр. Кейінгі жылдары ауданымыздың бірқатар елді мекендерінде өрт сөндіру бекеттерінің ашылып жатқандығы соның айғағы.**

**Сейсенбі 3 ақпан күні аудан орталығы Ақсу-Аюлыда заманауи талаптарға сай қайта күрделі жөндеуден өткен №14 Өрт сөндіру бөлімінің салтанатты ашылуы өтті.**







Ашылу салтанатына ҚР Төтенше жағдайлар министрі, генерал-лейтенант Шыңғыс Сайранұлы Әрінов, Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Қабдулаұлы Бөлекпаев, аудан әкімі Мұхит Сайлауұлы Мұхтаров және аудан әкімінің орынбасарлары, жеке құрам, азаматтық қорғау органдарының ардагерлері қатысты.

Салтанатты шарада Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні ойналған соң, Шет ауданындағы барлық тұрғындарды жаңа бөлімнің ашылуымен құттықтаған ҚР Төтенше жағдайлар министрі, генерал-лейтенант Шыңғыс Сайранұлы аталған жобаны облыс әкімдігі, Төтенше жағдайлар министрлігі және осы саланың қызметкерлері бірлесіп жүзеге асырғандығын, бұл жаңартылған формат тиімді әрі алдағы уақытта өзге аудандарда да қолданылатынын, сондай-ақ, бұл шара қызмет сапасын арттыруға бағытталғандығын айтып, жеке құрамның жұмысына сәттілік тіледі.









Салтанатты шарада ҚР Төтенше жағдайлар министрі Шет ауданында жаңа өрт сөндіру бөлімін салуға қолдау көрсеткені үшін аудан әкімі Мұхит Сайлауұлы Мұхтаровты “Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне 30 жыл” мерекелік медалімен марапаттады. Сондай-ақ, Шет ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі №14 өрт сөндіру бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау майоры Ахметжанов Ержан Кәрімұлына “Азаматтық қорғау подполковнигі” атағы берілсе, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Құрмет грамотасымен Шет ауданы әкімінің орынбасары Садықов Қайырғали, Шет орманшылығының орман басшысы Құтжанов Серік, “Шеткоммунсервис” мекемесінің директоры Омаров Азамат, №14 өрт сөндіру бөлімі бастығының орынбасары, азаматтық қорғау капитаны Арыстанбеков Бақытжан және министрліктің грамотасымен өрт сөндіру бөлімінің жүргізушілері сержант Айтжанов Арман мен сержант Садықов Бақытбек марапатталды. Сондай-ақ, министрліктің Алғыс хатымен Ақсу-Аюлы ауылдық округінің әкімі Смайылов Дарханға, өрт сөндіруші-құтқарушылар, аға сержант Құрманов Жамбыл мен кіші сержант Саят Бекжанға табыс етті.

Сонымен қатар, “Toyota Hilux” автокөліктері мен “Трекол” арнайы құтқару техникасының кілттері, сондай-ақ, жаңа өрт сөндіру бөлімінің символдық кілтін Шет ауданының төтенше жағдайлар қызметінің бастығы Әбілбай Ғабитке табыс етілді.

Айта кетейік, салтанатты шарада облыстық төтенше жағдайлар қызметі мен Теміртау, Балқаш қалалары мен Абай, Осакаров аудандарының бірқатар қызметкерлері де марапатталып, арнайы техникалардың кілті табыс етілді.

Мұнан соң, құттықтау сөз сөйлеген Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Қабдулаұлы өрт сөндірушілердің дайындық деңгейі мен жабдықталуы - қауіпсіздіктің кепілі, сондықтан да жергілікті бюджет есебінен европалық үлгідегі жауынгерлік киімдер, гидравликалық апаттық-құтқару құралдары, радиостанциялар, спутниктік телефондар, бейнетіркегіштер, ұшқышсыз ұшу аппараттары, өрт сөндіру жеңдері және тағы басқа да қажетті құрал-жабдықтар сатып алынғандығын атап өтіп, бірқатар сала қызметкерлеріне облыс әкімінің Алғыс хаты мен “Toyota Hilux” және “Трекол” автокөліктерінің кілттері мен үш ноутбук табыс етті.

Шарада сондай-ақ, төтенше жағдай қызметінің ардагері Рашидов Ердос құттықтау тілегін жеткізсе, ауыл тұрғыны Рашидов Амантай ақсақал қазақы дәстүрмен бата берді.

Лента қиу рәсімі жасалған соң, облыс әкімі мен министр арнайы кітапқа тілектер жазып, жеке құраммен естелік суретке түсті.







Бөлімнің жаңартылған ғимараты заманауи талаптарға сай етіп жабдықталған. Қызметкерлер үшін демалатын, жатын бөлмелермен қатар, арнайы жаттығу құралдарымен қамтылған бөлмелер, барлық мүмкіндіктер қарастырылған. Алдағы уақытта ғимарат маңайы абаттандырылып, асфальт төселмекші.

**М.ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ.**

Жыл қорытындысы

# ӨСПЕН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІ АРМАН ХАЙРОЛЛАҰЛЫ АБИЛОВТЫҢ 2025 ЖЫЛЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСЫ

**1. Елді мекеннің сәулет және экологиялық жағдайын жақсарту**

2025-жыл қорытындысы бойынша елді мекеннің сәулет және экологиялық жағдайын жақсарту мақсатында бірқатар инфрақұрылымдық жобалар белсенді түрде іске асырылды. Атап айтқанда Қ.Сәтбаев көшесі бойын 1,5 км жаяу жүргіншілер тротуары салынды.

Еркіндік ауылында Фельдшерлік-амбулатория пункті салынып, қолдануға берілді.

Өспен ауылына әлеуметтік осал топтағы отбасыларға арналған 4 екі пәтерлі тұрғын үй салынды.

Айғыржал елді мекенінде ауыз су кешенді блок модулі орнатылды, сонымен қатар, интернетке қосылу мүмкіндігі бар мобильді-байланыс кешені орнатылды.

Айса станциясы вокзалына жолаушылар перроны салынды.

Санитарлық тазалық және көгалдандыру бағытында да ауқымды жұмыстар қолға алынды. Округ бойынша жалпы 2500 тонна күл-қоқыс шығарылды, иесіз қалған, ескі, қираған үйлер орындары тазартылып, ауыл маңындағы иесіз күл қоқыс шығарылды. Сай-сала мен ашық жерлерде шашылып жатқан тұрмыстық қалдықтар, рұқсат етілмеген жерлерге төгілген қоқыстар тазаланды. Көктемгі су тасқынының алдын алу мақсатында Еркіндік ауылындағы орталық су арнасы қоқыстан тазартылды.

Республикалық «Таза Қазақстан» акциясы аясында жалпы ауылдық сенбіліктер өткізілді. Өспен ауылының «Жастар» саябағы абаттандырылып, шамдары іске қосылып, тал түптері отырғызылды.



**Арман Хайроллаұлы АБИЛОВ, Өспен ауылдық округінің әкімі**

**2. Халықты әлеуметтік қызметтер мен игіліктермен қамтамасыз ету**

Құрылғылар мен жүйелерді қалпына келтіру бағытында Өспен ауылының Теміржол көшесі бойына 30 баған көше жарықшамдары орнатылды, Еркіндік ауылы Мектеп көшесі бойындағы балаларға арналған ойын алаңы күрделі жөндеуден өткізілді. Өспен ауылы Теміржол көшесі бойындағы балаларға арналған ойын алаңына жарықшам орнатылды.

Сапалы әрі қауіпсіз жолдар үлесін арттыру бағытында Өспен ауылының Әулиетас көшесіне 1,5 км грейдер жол салынды.

**3. Тұрғындардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсарту**

Әлеуметтік төмен санаттағы тұрғындарды жұмысқа орналастыруға көмек көрсету бағыты бойынша Мансап орталығының жолдамасы арқылы 9 адам қоғамдық жұмысқа орналастырылды, оның ішінде 1-мүмкіндігі шектеулі (2-топ мүгедегі), 2 атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған отбасы, 1-көпбалалы отбасы, 3 көпбалалы ана жұмысқа алынды.

Округ бойынша 3 отбасыға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды, оның ішінде 2 отбасы Өспен ауылында, 1 отбасы Еркіндік ауылында тұрады. АӘК тағайындалған отбасының 2 адам жұмысқа орналастырылды.

**4. Тұрғындардың рухани жағдайын жақсарту**

Рухани құндылықтарды насихаттау бойынша Өспен ауылының Мәдениет үйінің ұйымдастыруымен «1 маусым - балаларды қорғау күні» мерекесіне орай балаларға арналған түрлі ойын-сауық бағдарламасы, асфальтқа түрлі-түсті бормен сурет салу жарысы өтті. Жеңімпаздарға сыйлықтар және тәттілер, балмұздақтар таратылды. Іс-шараға мәдениет үйі, мұражай, дәрігерлік амбулатория, теміржол жұмыскерлер ұжымы және жеке кәсіпкерлер демеушілік көрсетті.

Сонымен қатар, Өспен ауылының Мәдениет үйі, кітапханасы, С.Сейфуллин атындағы мұражай қызметкерлері ұйымдастыруымен Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерейтойына орай соғыс ардагерлерінің ескерткіш мемориалына гүл шоқтарын қою және «Саяси қуғын сүргін құрбандарын еске алу» күніне орай іс-шаралар өтті.

Спорттық іс-шаралар «1-мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні» мерекесі аясында ұйымдастырылған маусымашар бәйгесі өтті. Бәйгенің сыйақы фондына жекелей ауыл азаматтары демеушілік көрсетті.

Сонымен қатар, аталған мерекеге орай футбол, волейболдан ауыларалық ашық турнир және кешкі ауыл азаматтары арасында жарыс, ардагерлер, жасөспірімдер, қыздар арасында жарыстар өтті.

5. **Қолайлы бизнес орта құру және ауыл шаруашылығын дамыту**

Осы сала бойынша Өспен ауылдық округінде 2025 жылы бірқатар жұмыстар атқарылды. Ауыл шаруашылығын дамыту бойынша 2 жеке кәсіпкер М.Адамьянов, ЖК «Атамұра», А.Кусаинова, ЖК«Алия» ірі қара мал алуға несие алды. Өспен ауылының 4 ШҚ М.Маукулов, М.Каден, Е.Аренов, Б.Шаукентаев, Айғыржал ауылының 2 шаруа қожалығы Ә.Маясаров, С.Жукенов «Қазагрофинанс» несие корпорациясының жеңілдетілген несиелендіруі арқылы жаңа ауылшаруашылық техникасын алды.

Жеке қосалқы шаруашылықтың мал жайылатын жайылымдық жерлерінің жетіспеушілігіне байланысты жерін пайдаланбайтын ШҚ анықталып, тиісті түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, 1152 га жер мемлекеттік қорға қайтарылды.

Инвестиция тарту - Мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасы бойынша екі пәтерлі 4 тұрғын үй құрылысы салынып, құрылыс жұмыстары аяқталды. Округ бойынша тұрғын үй кезегінде 2020 жылдан бастап 15 адам үй алу кезегінде тұр, 2025 жылы тағы 5 отбасы тұрғын үй кезегіне есепке алудың бірыңғай ұлттық жүйесі арқылы өтініштері жолданып, тіркеуге алынды.








Қарлы қыс-2026

# БАЙРАҚТЫ БӘСЕКЕ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

**2026 жылдың 29 қаңтар күні аудан орталығы Ақсу-Аюлы ауылында “Қарлы қыс 2026» қысқы ауыл спартакиадасының аудандық іріктеу кезеңі өтті.**

**«Қарлы қыс-2026» спартакиадасының ашылу салтанатында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні ойналып, көк туымыз желбірей көтерілді. Салтанатты ашылуында сөз алған аудан әкімінің орынбасары Д.Кәрсембаев, сондай-ақ, осы спартакиаданың бас төрешісі М.Дусов игі тілектерін білдіріп, спортшыларға сәттілік тіледі.**

Байрақты бәсекеге Ақсу-Аюлы, Ақадыр кенті, Ақжал кенті, Тағылы, Төменгі Қайрақты, Киікті, Босаға, Өспен, Талды, Нұраталды, Ақшоқы ауылдық округтерінен 70-ке жуық спортшылар қатысып, өзара сынға түсті.

Айта кетейік, спартакиада мылтық атудан (ұлдар, әйелдер), кермеге тартылудан (ерлер), кеудені жерден көтеру (әйелдер) және шаңғы эстафетасы бойынша сынға түсті.

Ал, спортшылардың жас ерекшеліктеріне келсек 16-18 жас (ұл-қыз) 21-27 жас (әйел, ер) 28-39 жас (әйел, ер) 40 жас және одан үлкендер (әйел, ер) қатысты.

Командалық есеп бойынша Ақадыр кенті - I орынға, Төменгі Қайрақты, Тағылы II орынға, Киікті ауылдық округінің командасы III орынға ие болып, жеңіс тұғырынан көрінді.



Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің грамотасымен, медальдарымен марапатталды.

Іріктеуден өткен жеңімпаз спортшылар Қарағанды қаласында өтетін облыстық “Қарлы қыс-2026” қысқы спартакиадасында Шет ауданының намысын қорғайтын болады.

**Өз тілшімізден.**



Жыл қорытындысы

# ТАЛДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША 2025 ЖЫЛЫ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР



**Нұрлан Аманұлы АБЖАНОВ, Талды ауылдық округінің әкімі**

**Құрметті ауылдастар! Туған елімнің тұғырлы азаматтары!**

Өткен жыл ауылымыз үшін берекелі де нәтижелі болды. Бұл - сіздердің ақ баталарыңыз бен қолдауларыңыздың, «баласы атқа шапса, үлкені тақымын қысатын» игі дәстүрдің жемісі.

Жыл басында су сорабына генератор мен қорғаныш жүйесі орнатылды. Бұл - аса маңызды жұмыс. Соның нәтижесінде насос істен шықпай, бүгінгі таңда ауылды кез келген уақытта үздіксіз сумен қамтамасыз ету мүмкіндігіне қол жеткіздік.

Спорт алаңында волейбол және баскетбол алаңдары салынды. Бұл игі іске демеушілік жасаған азаматтарға зор алғысымызды білдіреміз. Сонымен қатар, спорт алаңы флагштоктармен жабдықталып, абаттандырылды.

Жауынгерлер аллеясы мен Жәкен Байтуов аллеясы жаңартылды. Бұл жұмыстар да - сіздердің қолдауларыңыздың арқасы. Мәдениет үйі мен мектеп ғимараттарының қасбеттеріне әкімшілік тарапынан арнайы маңдайшалар тапсырыспен орнатылды.

Жаңажұрт ауылына КБМ (су кешені) орнатылып, бүгінде тұрғындар сүзгіден өткен таза ауызсумен қамтамасыз етілуде. Сондай-ақ, Жаңажұрт пен Байбала елді мекендерінде 5G интернет желісі іске қосылды.

Талды ауылына 2 КТП, Жаңажұрт пен Берекетті ауылдарына бір-бірден жаңа КТП орнатылып, жалпы саны 4 КТП пайдалануға берілді.

Талды ауылында 7 көшеге асфальт жол төселді. Көшелерді жарықтандыру жұмыстары барысында қосымша 6 прожектор орнатылып, қазіргі таңда көшелерде 93 жарық шамы жұмыс істеп тұр. Наршөккен көшесіне бюджет қаражаты есебінен сәндік шамдар орнатылды. Алдағы жылы тағы 3 көшеге сәндік шамдар орнату жоспарлануда.

Берекетті мен Қызылқой аралығына қар тазалау және жол аршу жұмыстарына бір погрузчик пен бір КамАЗ техникасы бекітілді. Берекетті ауылында су мен жарыққа жауапты маман жұмысқа қабылданды, сондай-ақ, Жаңажұрт ауылына да жауапты маман тағайындалды.

Сонымен қатар иесіз қалған шамамен 50 тонна күл-қоқысты шығару және тазалау жұмыстары толықтай жүргізілді.

Ауылымыздың дамуы жолындағы бірлескен еңбектеріңіз үшін баршаңызға алғыс білдіреміз!











5 ақпан - Дүниежүзілік сайлау күні

# САНАЛЫ ТАҢДАУ - САПАЛЫ БОЛАШАҚ!



**Сайлау жүйесі - кез келген демократиялық қоғамның басты көрсеткіші. Оның тамыры тереңде жатыр. Қазақ халқының құқықтық мәдениеті ежелден қалыптасқанын «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», сондай-ақ, «Жеті жарғы» сияқты заңдар жүйесінен анық аңғаруға болады. Аталған қағидалардың барлығы да халықтың талқылауынан өтіп, ел мүддесіне сай қабылданған. Бұл - демократиялық құндылықтардың халқымыздың санасында ертеден орныққанын көрсетеді.**

Осы орайда, әлем жұртшылығы жыл сайын ақпан айының бірінші бейсенбісін Дүниежүзілік сайлау күні ретінде атап өтеді. Аталған күнді мерекелеу бастамасы Қазақстан Республикасы толыққанды мүшесі болып табылатын Еуропалық сайлауды ұйымдастырушылар қауымдастығының (ACEEO) ұсынысымен енгізілген.

Атаулы күнге орай Шет аудандық аумақтық сайлау комиссиясының бастамасымен бірқатар мазмұнды іс-шаралар ұйымдастырылды. Солардың бірі - аудандық агротехникалық колледж қабырғасында өткен «Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан бергі сайлау жүйесі» тақырыбындағы ақпараттық-танымдық кездесу.

Кездесуге оқу орнының 1-2 курс студенттері қатысты. Іс-шара барысында аудандық сайлау комиссиясының төрағасы Б.Амангельдинов «Қазақстандағы сайлау жүйесінің қалыптасуы» тақырыбында слайдтық таныстырылым жасап, еліміздегі сайлау жүйесінің даму кезеңдеріне кеңінен тоқталды. Студенттер тарапынан қойылған сұрақтарға нақты әрі тұщымды жауаптар берілді. Сонымен қатар, аудандық сайлау комиссиясының хатшысы М.Құрмашев «Өзіңді тексеріп көр» атты топтық ойын өткізіп, студент жастар аса жоғары белсенділік танытты.

Осынау іс-шаралар легі «Саналы таңдау - сапалы болашақ» тақырыбындағы Шет аудандық мәслихатының төрағасы С.Социалмен өткен кездесу кешімен жалғасын тапты. Кездесуге аудандық сайлау комиссиясы жанынан құрылған «Жас сайлаушылар клубының» мүшелері қатысты. Кездесу барысында мәслихат төрағасы жастарға сайлау жүйесінің маңызы, оның қоғам дамуындағы рөлі, сондай-ақ, депутаттық корпустың құзыреттілігі туралы жан-жақты мәлімет берді.

Еркін форматта өткен шарада жастар өздерін толғандырған сауалдарын қойып, нақты жауаптар алды. Сонымен бірге, жас сайлаушылар халық қалаулысына бірқатар ұсыныс-пікірлерін білдіріп, алдағы уақытта бірлесіп атқарылатын жұмыстар жайы талқыланды. Іс-шара аясында қатысушылар сайлау жүйесіне қатысты «Ашықтық», «Сайлау» тақырыптарындағы сөзжұмбақтарды топтарға бөлініп шешіп, өз білімдерін шыңдады.

Қос кездесуде белсенділік танытқан қатысушыларға естелік сыйлықтар табысталды.

Жас ұрпақтың сайлау мәдениетін қалыптастыруға, азаматтық жауапкершілігін арттыруға және ел болашағына саналы көзқарас орнықтыруға бағытталған мұндай ілкімді іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасын таба беруге тілектеспіз.

**Өз тілшімізден.**

Таза ауыл. Таза ел!

Таза Қазақстан
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

# АКЦИЯ АЯСЫНДА КӨШЕЛЕР ҚАРДАН ТАЗАРТЫЛУДА

**Президент бастамасымен қолға алынған “Таза Қазақстан” экологиялық акциясы қыс айларында да жалғасып келеді.**

Акция аясында аудан бойынша барлық елді мекендердегі көшелер мен саябақтар, мекемелер маңайы қардан тазарту жұмыстары атқарылып жатыр.






Атап айтсақ, “Таза Қазақстан” экологиялық акциясы аясында Мойынты кенті бойынша тұрмыстық қатты қалдықтар төгетін полигон тазартылды және ішкі көше жолдары мен саябақтар іші қардан тазалау жұмыстары қыс бойы үнемі жүргізіліп келеді. Алдағы уақытта да жалғаса бермек.

**Ж.ТІЛЕГЕНОВА, Мойынты кенті әкімі аппаратының бас маманы.**

Жыл қорытындысы

# АҚШАТАУ КЕНТІ БОЙЫНША 2025 ЖЫЛЫ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

**Ақшатау кенті бойынша абаттандыру, санитарлық тазалық бойынша біршама жұмыстар атқарылды. Жыл басында кенттегі ішкі көше жолдарын қардан тазарту, кенттің сыртына шығару бойынша қаржы бөліне отырып, арнайы техникалардың көмегімен 3000 куб қар тазаланды.**



Айдын ШОНАНОВА, Ақшатау кентінің әкімі

Ақшатау кентіндегі иесіз жатқан күл-қоқыстар «Citic Constnastion» ЖШС-нің арнайы техникалары мен келісе отырылып, 1800 мың куб күл - қоқыстар тазаланды.

Сонымен қатар, Жарылғап батыр ауылындағы 30 жылдан бері қордаланып қалған 4000 мың куб күл-қоқыстар, «Таңатбай» су қоймасында жұмыс жасап жатқан фирмамен меморандум жасау жолымен ұйымдастырылып шығарылды.

Төтенше жағдайлардың алдын алу және көктемгі су тасқынының алдын алу жұмыстары бойынша көктемгі су тас-қынына байланысты Жарылғап батыр ауылының қауіпті аумағына ұзындығы 1,8 км, ені 1,2 метр болатын қорғаныс білігі жасалды.

«Таңатбай» су қоймасына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Тоғаннан судың асып кетпеуі үшін, өткелдерімен тосқауыл болатындай жолдары биіктетіліп, көтеру жұмыстары жасалды.

«Таза Қазақстан» акциясы бойынша Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, «Таза Қазақстан» республикалық экоакциясы аясында біршама жұмыстар атқарылды.

Көктем уақытында мекемелер маңайына барлығы 200 түп қарақат ағашы отырғызылды. Иесіз жатқан қоқыстар, кенттегі көшелер, апта сайын «Таза бейсенбі» күндері, «Алматы - Астана» тас жолы бойындағы мусорлар мекеме қызметкерлерінің арқасында жиналып отырылды. Бұл шараға сонымен қатар кент тұрғындары да бір кісідей атсалысты.

«Таза Қазақстан» экоакциясы қорытындысы бойынша жыл соңында «Таза аула», «Таза Қазақстан экоакциясына белсенді қатысқан ұжым» номинациялары тағайындалып, «Таза аула» номинациясын кент тұрғыны К.Карин иемденіп, кент әкімінің алғыс хатымен марапатталды.

Кенттегі ішкі көше жолдарының құжаттары болмағандықтан, Шет аудандық мемлекеттік активтер бөліміне иесіз мүлік ретінде тіркеу бойынша хат берілді. Келешекте құжаттары дайын болған жағдайда, «Ауыл ел - бесігі» бағдарламасы бойынша ішкі көшелерге күрделі жөндеу жұмыстарын қолға алмақшымын.

Кентте 5 азық-түлік дүкені бар. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағаларын тұрақтандыру, бойынша апта сайын азық - түлік дүкендерімен баға мониторинг жүргізіліп отыр. Дүкен иелері-мен жыл басынан Меморандум жасалған.

Ауыл шаруашылығы және ветеринария саласы бойынша малдарды таңбалау, «Төрт түлік» базасына тіркеу жұмыс-тары белсенді түрде жүргізілуде. 2025 жылы 1 тамыздан 31 тамызға дейін арнайы веб-порталда өзін-өзі толтыру әдісімен санақ жүргізілді.

Сонымен қоса кент округі бойынша биылғы жылға 5 трактор сатып алынды.

Денсаулық сақтау саласы бойынша кенттегі фельдшерлік - акушерлік пункт халыққа қызмет көрсетуде. Терапевт дәрігер айына 2 рет Ақсу-Аюлы ауылынан келіп тұрғындарды қабылдайды.

Биылғы жылы кентке қарасты Қарғалы ауылына «Керуен 21» ЖШС-і кешенді блок модульды су тазарту жүйесі орнатылды.

Сонымен қоса Қарғалы ауылына «Жусан Мобаил» фирмасы интернет жүйесін орнатты. Бүгінгі күнге ватсаб желісімен хабарласу мүмкіндігі орнап, тұрғындар ризашылықтарын білдіруде.

Кенттегі көшелерді жарықтандыру мақсатында жанып кеткен лампаларды айырбастау жұмыстары «Нова-Цинк» ЖШС-нің көмегімен, яғни автовышка босатып, ауыстыру жұмыстары жүргізілді.

Жарылғап батыр ауылындағы корд құрылысы күрделі жөндеуден өткізілді.

Кенттегі «LAM 2030» фирмасы жыл сайын кенттегі Ш.Уәлиханов мектебіне 414 тонна көмір беріп отыр. Сонымен қатар техникалық мамандықта оқитын бір студенттің жылдық төлем ақысын төлеп отыр. 2026 жылы тағы 1 студенттің жылдық оқу ақысын төлеп береміз деп отыр.

Мемлекеттік және ресми мерекелер бойынша 1-Наурыз «Алғыс айту» күніне орай, кент-тегі жалғыз басты қарттарға азық-түлік себептері таратылды.

8-Наурыз «Халықаралық аналар» күні мерекесінде «Сар-қылмайтын - жылылық, ана аты - ұлылық» атты мерекелік концерт, кент әкімінің ұйымдастыруымен «Алтын алқа», «Күміс алқа» көп балалы аналарға барлығы 123 аналарға мерекелік сыйлықтар табысталды.

22-Наурыз мейрамына орай, «Ұлысқа мейір сыйлаған, әз Наурыз» атты мерекелік бағдарлама, «Әжелер - ұлт ұйтқысы» әжелер сайысы, сонымен қатар кенттегі әрбір көше дастархан жасап, ұлттық тағам жасаған көшелерге сый-сияпат көрсетілді. Киіз үй тігіліп, қазанымен палау жасалып, келген қонақтарға таратылды.

Наурыз мерекесі спортық іс - шаралармен жалғасты, атап айтқанда арқан тартыс, кір көтеру, қол күрес т.б. Жеңімпаздар ақшалай, заттай сыйлықтармен марапатталды.

9 Мамыр Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай, Ұлы Отан соғысының ардагері Карин Жаманқұл әкеміздің жары Карин Төкітай анамызды кент әкімі атынан арнайы сыйлықтармен, азық-түлік себетін табыстады.

Сонымен қатар, 1-Маусым «Халықаралық балалар» күні мерекесіне орай, «Анам және біз» атты отбасылық спорттық сайыс өткізілді.

Кентімізде салынып жатқан ДЭУ құрылысы аяқталып, кенттен 20 адам жұмысқа тұрды.

Жарылғап батыр ауылына фельдшерлік - акушерлік пункт салынды. Жақын күндерде ашылу салтанатты өткізілмекші.

Кенттегі тоқ жүйелері сенімгерлік басқаруға «Электр тасымалдау» ЖШС-не берілді.

1-қазан «Қарттар күні», Ақшатау және Жарылғап батыр ауылының 75 жастан асқан адамға дастарған жасалып, сый-сияпат ретінде мерекелік концерт жасалды.

Республика күніне орай, «Қыран елім-Қазақстаным» атты мерекелік бағдарлама өткізіліп, кентімізде еңбек етіп әлеуметтік саладағы әрбір мекеме қызметкерлері кент әкімінің алғыс хатымен марапатталды.

Қараша айында Азия чемпионы Дәкібай Ернұр Сыбанқұлұлын еске алу турнирі өткізілді. 16 желтоқсанда Жарылғап батыр ауылында «Қарттарым асыл қазынам» атты көп жылдан бері еңбектері елеусіз қалған аналарымыз бен әкелерімізге сый-сияпаттар жасалды.

Жаңа жылды қарсы алу мақсатында кент әкімінің «Жыл үздіктері-2025» номинациясы бойынша, үздіктер анықталып, арнайы марапаттар мен сыйлықтар тапсырылды.








# ШЕТ АУДАНЫ БОЙЫНША МАНСАП ОРТАЛЫҒЫНЫҢ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ

**2025 жылы «Қазақстан Республикасының еңбек нарығын дамытудың 2024-2029 жылдарға» арналған тұжырымдасы шеңберінде Мансап орталығы арқылы атқарыл-ған жұмыстар туралы қысқаша баяндаймын.**



Толқын Тельманқызы ОШАНОВА, Шет ауданы бойынша мансап орталығының директоры

2025 жылы өтініш бергендер саны 2446 адам. Жұмыссыз ретінде тіркелгендер 2232 адам. Жұмысынан айырылуына байланысты жәрдемақы алып отырған 553 адам. Жылдық жоспар бойынша тұрақты жұмысқа орналастыру 900 адам (*орындалысы - 91%*) яғни, 821 адам тұрақты жұмыспен қамтылды.

Оның ішінде мүмкіндігі шектеулі азаматтар қатысқандар саны 113 адам, тұрақты жұмысқа орналасқаны 38 адам (*орындалысы - 34%*). Қатысқан жастар саны 747 адам, тұрақты жұмысқа орналасқан 198 адам, (*орындалысы - 27%*).

Қатысқан әйелдер саны 1100 адам, тұрақты жұмысқа орналасқан 228 адам (*орындалысы-21%*) құрайды.

2025 жылға Қарағанды облысы әкімінің қаулысымен бекітілген азаматтарының жекелеген санаттарын жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгіленген.

Мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін жұмыс орындарының саны - 4 орын, атап айтқанда

NOVA-ЦИНК ЖШС-і - 1 орын, Ю.Гагарин мектебіне - 1 орын, CITIC Construction ЖШС-і - 1 орын, ПЧ-26 Қазақстан темір жолы - 1 адам. (*орындалысы - 2 адам*).

Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындарына - 2 орын

Қазақстан темір жолы - 1 орын. (*орындалысы - 100%*).

Ақадыр кентінің әкімшілігі - 1 орын. (*орындалысы-100%*).

**Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары**

- Әлеуметтік жұмыс орны жоспар 20 адам, жіберілген 39 (*орындалысы-180%*).
- Жастар практикасы жоспар 30 адам, жіберілгені 32 адам (*орындалысы-107%*).
- Алғашқы жұмыс орны жоспар 15 адам, жіберілгені 17 (*орындалысы-113%*).
- Ұрпақтар келісімшарты жоспар 1 адам, (*орындалысы-100%*).
- Күміс жас жобасы жоспар 131 адам, (*орындалысы-98%*).
- Алтын жас жобасы жоспар 15 адам, жіберілгені 18 адам (*орындалысы-120%*).

**Жаңа бизнес идеяларды іске асыруға арнал-ған мемлекеттік қайтарымсыз гранттар (1 572 800 теңге).**

Грант иегерлері

Алимкулова Гулим Ергазиевна (Ақсу-Аюлы) - Темірбетон сақиналарын дайындау

Тусупбекова Кызгалдак Толеутаевна (Ақсу-Аюлы) - Жылыжай өнімдері.

Әбішова Жансая Назарлықызы (Ақадыр) - Қауіпсіздік саласында киімге шағылыстыру эффектісі бар киім үлгілері.

Мұса Перизат Нұрланқызы (Ақжал) - «Жеті нан» - дәстүр мен дәмді ұштастырған наубайхана.

Шәйкен Нұрхат Ерланұлы (Ақсу- Аюлы) - Тігін өндірісі.

2025 жылдың қорытындысы бойынша Атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны 64 отбасы, адам саны 309. Оның ішінде: Шартты 45 отбасы, адам саны 222, Шартсыз 23 отбасы, адам саны 100.

Белсенді шараларға тартылған 25 адам: тұрақты жұмысқа 12 адам, қоғамдық жұмысқа 13 адам тартылды.

Қалдырған ізің мәңгілік...

# ҰСТАЗ - МЕКТЕПТІҢ ТҰЛҒАСЫ

**«Ұстаз мектептің тұлғасы, шәкірті - өмір жалғасы» демекші, дүниедегі мамандық атаулының төресі - ұстаздық. Мектептегі мұғалім барлық мамандық иесін тәрбиелейтін, оқытып үйрететін мейірімді абзал жан. Мұғалім мамандығы - барлық мамандықтың анасы. Ұстаз алдынан тәрбие алмайтын жан жоқ. Ұстаз берген тәрбие әрбір жанның өміріне жол сілтер шамшырақ секілді. Ғылым иесі ғалым да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған диқан да, мал бағып терін төккен шопан да, бәрі-бәрі ұстаздан білім, тәлім алған. Сондықтан ұлағатты ұстаздарға бүкіл адам баласы құрметпен бас июлері керек.**

Шығармашылық жолында мен бірнеше ұстаздар туралы мақалалар, әңгімелер жаздым. Олардың жас буынға білім мен тәрбие берудегі өлшеусіз еңбегін оқырмандарыма жеткізуге тырыстым. Бүгінгі кезекті кейіпкерім ширек ғасырдан артық еңбек өтілі бар, Ақадыр кентіндегі Ә.Ермеков атындағы тіректі мектебінің (ресурстық орталығы) жанындағы интернаттың қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәндерінің мұғалімі Ерменбетова Толғанай Болатқызы.

Толғанай Болатқызы Қарағанды облысы, Шет ауданы, Қарабұлақ ауылында дүниеге келген. Әкесі Болат Ерменбетұлы жастайынан ауылда өсіп, техниканың тілін жақсы меңгерген. «Қарабұлақ» кеңшарының (совхозының) маңдайалды маманы ретінде тракторшылар бригадасын басқарған. Мұңдай бригадалар кез келген ауыл шаруашылық ұжымында малға жем-шөп дайындауда зор жұмыс атқарған. Құрғақшылық жылдары ауыл шеңберінде шөп шабу қиынға соққанда, оларға бірнеше жүз шақырымдағы Ақдалаға дейін, тіпті басқа облыстың аймағына дейін баруға тура келген.

Әкесінің жұмыстан тыс тағы бір әуестігі болды. Ауыл азаматына тән тіршілікпен төрт түлік мал өсіріп, маңдай терін адал еңбекке арнады. Сол берекелі еңбектің арқасында ұл-қыздарының білім алып, әрқайсысының өз мамандығын иеленуіне, шаңырақ көтеруіне мүмкіндік туды. Бұл - тынымсыз еңбектің, әкелік қамқорлық пен жауапкершіліктің жарқын жемісі деп білеміз.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары «Қарабұлақ» кеңшары мемлекеттің бағдарламасына сәйкес жекешеленуге жатуына байланысты отбасымен бірге аудан орталығы Ақадырға қоныс аударады. Теміржол саласындағы доңғалақ цехына жұмысқа орналасады. Алайда, денсаулығы сыр беріп, 55 жасында I топтағы мүгедек ретінде еңбекке жарамсыз деп танылуына байланысты еріксіз түрде демалысқа шығуға мәжбүр болады.

Анасы Рымбала Молдаханқызы бүкіл саналы өмірін медицина саласына арнаған. Фельдшерлік-акушерлік бекетінде медбике қызметін абыроймен атқарған. Ауылдағы, қыстақтардағы, шалғайдағы жылқышы қостарындағы, жазғы жайлаудағы тұрғындарға медициналық көмек көрсетіп, осы жерден зейнеткерлікке шыққан.

Үш ұл, үш қызды тәрбиелеп, өмір жолына қанаттандыру - екінің бірінің маңдайына жазыла бермейтін үлкен жауапкершілік. Әр баланың жүрегіне жол тауып, мінез-құлқына қарай жеке тәрбие беру - нағыз сабыр мен даналықты талап ететін іс. Тазалықты жаны сүйген асыл қасиетін өзі ғана ұстанып қоймай, оны балаларының бойына да сіңіре білді. Біле білген жанға мұның өзі - ұрпаққа үлгі болатын, бағасы биік тәрбиенің айқын көрінісі.

Кітап, газет-журналдарды үзбей оқу - оның өмірлік дағдысына айналған игі әдет. Бос уақыттарында әуезді ән тыңдап, рухани тынығуды да ұмытпайды. Радиодан ән шырқалса, мүдірмей-ақ орындаушысы мен әннің атауын дәл тауып айтуы - оның өнерге деген терең әуестігін аңғартады. Сонымен қатар, ол кісінің жүрекке жылу сыйлайтын тағы бір асыл қасиеті бар: балаларының, бүгінде немерелерінің де туған күндері келгенде, Қазақ радиосының эфирі арқылы арнайы құттықтау жолдап, музыкалық сәлемін арнауды дәстүрге айналдырған.

Толғанай Болатқызының балалық шағы ауылда өтеді. Сол уақытты ол былай еске алады:

- Бала кезімізде қақаған қыста да, аптап ыстықта да далада жүреміз. Әке-анамыз үйге әзер кіргізетін. Қыста қардан аққала жасаймыз, коньки тебеміз. Арнайы сырғанағымыз болмайды. Сол себептен су алатын колонканың түбіне баратынбыз. Оның маңайы төгілген судан мұз болып жатады. Сырғанап жүріп құлаймыз, жарақат аламыз. Бірақ онымызды әкешешемізге айтуға болмайды, өйткені келесі жолы коньки теппек түгілі далаға шығармай қояды. Ал жазда ойындарымыз күн батып, қараңғы түскенше жалғасады.

Бастауыш сыныпта оқып жүргенімде сабақтан ешуақытта қалмаймын. Кейбір балалар сабаққа келмей қалса Күләйлә мұғалімім мені солардың үйіне барып кел деп жұмсайды. Мен жүгіре басып үйді-үйді аралаймын. Кімнің қандай себеппен сабаққа келмей қалғанын ұстазыма жеткіземін. Сылтауы жоқтарын өзіммен бірге ерте келемін.

Осы орайда басымнан өткен бір оқиғаны айтып өтсем. Менің үлкен әпкем Гүлмира Алматы қаласында оқыды. Анамыз оған жиі барып тұратын. Барған сайын жер көрсін, қаланы көрсін, ой-өрісі биіктейді деп балаларын кезек-кезегімен бірге ертіп апаратын.

Ұмытпасам, жетінші сыныпта оқып жүргенімде менің де кезегім келді. Анаммен бірге еріп бардым. Алматыны бірінші көруім. Көкорайға оранған қаланы, көпқабатты зәулім үйлерді, Алатаудың заңғар тауларын көргенде тамсанасың да, таң қаласың да.

Анам, әпкем үшеуміз қаланы аралауға шыққанбыз. Біраз дүкендерге бардық. Үйге қайтуға автобусқа келдік. Қай автобус болсын, адамға лық толы. Жолаушылар бірбірін кимелеп, бар күшін салып, қыстырыла салонға кіріп жатады. Біздің маршруттың автобусы келгенде анам мен әпкем мініп кетті де, мен сыймай қалып қойдым. Ананың ата ана ғой, шырылдап мені іздейді. Келесі аялдамадан түсіп қалып, жаяу маған жүгіріп келеді. Тағы бір аялдамадан кейін әпкем түсіп қалып, ол да мен қалып қойған аялдамаға ұшып жетеді. Ал мен болсам ешқайда қозғалмай, қалып қойған жерімде тосып тұрдым. Сол кезде ентіге жүгіріп келген анамның қуанышын көрсеңіз! Еліміздің сол уақыттағы астанасы Алматыға барған алғашқы сапарым осылай болған еді - деп күлімсірей айтып берді.

Толғанай мектепте жақсы оқиды, зерек болады. Пәндердің барлығын жақсы көрсе де, қазақ тілі мен қазақ әдебиетін, тарихты, ботаниканы құмартып оқиды. Әсіресе, Алтын, Әсемкүл мұғалімдерінің, Тонтаев Аманның сабақ берістері басқа ұстаздардан гөрі ерекше ұнап жүреді. Мектеп қабырғасында жүріп-ақ ол келешекте филолог боламын деп армандап жүреді.

Жоғарыда атап өткенімдей, Үкіметтің саясатымен ауылшаруашылық нысандары мемлекет иелігінен кетіп, жекешеленуге жатты. Оның ішінде «Қарабұлақ» кеңшары да болды. Мекеме еңбеккерлерінің бір бөлігі мүлік және жер үлестерін алып шаруа қожалықтарын құрып жатса, басқалары жанжаққа көше бастады. Қоныс аударушылардың ішінде Толғанайдың да отбасы болды.



Енді 10-11 сыныптарды Ақадыр кентіндегі №131 теміржол қазақ орта мектебінде аяқтауға тура келеді. Бұл жерде де сабағын жақсы оқиды, озат оқушылардың қатарында болады.

Мектеп бітірген жылы Қарағанды қаласына барып, қазіргі кездегі Е.Бөкетов атындағы Мемлекеттік зерттеу университетінің филология факультетіне оқуға түседі. Мақсаты бала кезінен армандаған қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәндерінің мұғалімі мамандығын алып шығу.

Сұхбат барысында Толғанай Болатқызынан студенттік шақтарын айтып берсеңіз бе деп сұрағанымда:

- Біз оқыған университет еліміздің маңдайалды жоғарғы оқу орны екенін баршаңыз жақсы білетін шығарсыздар. Мұнда мамандығыңды игеруге, оқуда терең білім алуға бүкіл жағдай жасалған. Оның үстіне оқытушылары мыз да бірінен-бірі өткен, тәжірибелі ұстаздар.

Оқуда жүргенімде төрт жыл бойы университеттің жатақханасында жатып, төрт жыл бойы бір ғана Арқалықтың қызы Биікова Баянмен бірге тұрдық. Екеуміз сабақта да біргеміз, бос уақытымызды да бірге өткеретінбіз. Киноға да барамыз, туған күндерде, мереке күндерде де біргеміз. Негізі студенттік өмірді жатақханада өткізген әлдеқайда көңілді әрі қызықты екенін баса айтуымыз керек. Құрбыларымызбен қуанышымызды ортақ етіп, шаттық сәттерді бірге қарсы алатынбыз, мұң-мұқтажымызды да асырмай бөлісіп, бір-бірімізге демеу болып жүретінбіз.

Қазіргі уақытта Баян құрбым Шахтинск қаласында тұрып жатыр, мектепте ұстаз. Тұрмыс құрған. Екеуміз бір-бірімізді іздеп, хабарласып отырамыз - деп жауабын берді.

Университетті бітіріп, қолына дипломын алған Толғанай Болатқызы алғашқы еңбек жолын Шет ауданы, Ақшатау кентіндегі М.Әуезов атындағы мектебінде бастайды. Мектеп ұжымымен тез тіл табысып, кішкене болса да тәжірибе жинай бастайды.

Бір жыл өткен соң Ақадыр кентіндегі өзі оқып бітірген мектепке қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәндерінің мұғалімі болып орналасады. Кейін бұл білім ордасы атауын өзгертіп, Ә.Ермеков атындағы тіректі (ресурстық орталығы) мектебі жанындағы интернат болып қайта аталады.

Жас ұстаз күн өткен сайын мамандығын терең игеріп, тәжірибелі ұстазға айнала бастайды. Мектеп ұжымының арасында беделі жинайды.

2004-2013 жылдар аралығында сабағын бере жүріп, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарады. 500-ге тарта оқушысы бар мектеп үшін оңай жұмыс болмайды. Мұнда тәрбие ісі жөніндегі орынбасардың басты міндеттері оқу орнындағы тәрбие үдерісін ұйымдастыру, оны басқару және осы үдерістің дамуын бақылау; аға тәлімгерлердің, әлеуметтік педагогтардың және сынып жетекшілерінің жұмысын әдістемелік басқару, тәрбие процесінде еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы нормалары мен ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету, заманауи білім беру технологияларын қолдану мен жетілдіруді қамтамасыз ету болып табылады.

Толғанай Болатқызы жоғарыда аталған міндеттерін абыроймен атқарды. Өзінің пәндері бойынша оқушыларға сабақ беруді де тоқтатпады. Алдынан өткен шәкірттері білімдерін арта түсіп, биіктерден көріне бастады. Әртүрлі деңгейдегі олимпиадаларға, Ұлы Абайдың, басқа да ақын-жазушылардың оқуларына, байқауларына, конкурстарына қатысып жүлделі орындарды алып жүр. Еңбек жолында мұңдай шараларда 50-ден астам шәкірттері жүлделі орындарға ие болып жүр. Олардың қатарына облыстық олимпиадада жеңімпаз атанған Сұрауханова Сымбатты, екінші орын алған Құрақбай Айжанды, үшінші орын алған Тілеухан Аяжанды, Қоханов Санжарды, тағы басқаларын жатқызуға болады.

Толғанай Болатқызының тікелей дайындығымен Рахманқұлова Іңкәр, Қоханов Санжар, Тілеухан Аяжан, Ноян Ғинаятолла, Құрақбай Айжан «Алтын белгі» төсбелгісі иегерлері атанса, үздік аттестаттарға Жанат Аружан, Кәртай Аружан, Зият Айжұлдыз, Қойшыбай Айым, Әлкенова Томирис, тағы басқалар қол жеткізді. Ал енді тек былтырғы жылғы оқу жылында тоғызыншы сынып бітіргендер арасында Шахмұрат Дильназ, Жәнібек Жанайым, Рахат Нұрайым, Дүйсенбекова Карина, Талғат Еркеназ үздік аттестат иелері атанды.

Ұлағатты ұстазымыздың үлкен жеңістерінің бірі - ол еліміздің басты мерекесі - Тәуелсіздік күні қарсаңында Қарағанды қаласында облыс әкімдігі мен «Аманат» партиясының қолдауымен өткен «Тұлпар мініп, ту алған» атты облыстық жыр байқауына қатысу болды.

Жыр додасы үш айға созылып, екі кезеңде өтті. Оған облысымыздың 13 өңірінен 4 мыңнан астам балалар қатысты.

Аудан - қалалық кезеңде әр өңірден үш оқушы мен олардың ұстаздары жеңіс тұғырынан көрініп, 39 оқушы мен 37 мұғалім облыстық кезеңге жолдама алды. Байқаудың ережесі бойынша «Бөгенбай батыр» жырын жатқа, мүдірмей айтуы талап етілген болатын. Сонымен қатар, қатысушылар жырдағы көнерген, тарихи сөздердің мағынасын ашып, жас ерекшеліктеріне сай қазақ тілі мен әдебиеті оқулықтары негізінде дайындалған сұрақтарға да жауап берді.

Қазылар алқасының шешімімен І орынды Толғанай Болатқызының шәкірті Әмірханова Раяна жеңіп алып, 1 миллион теңге қаржы және «Қазтұтынуодағы» Қарағанды университеті белгілеген білім грантына ие болды. Ал енді, оны байқауға дайындаған ұстазы да 1 млн. теңге сертификаты және «Халықаралық қазақ тілі қоғамы» тағайындаған жеңіл автокөлігінің иегері атанды.

Ғасырлар бойы Тәуелсіздігімізді аңсап, оны жақындату үшін қанын төгіп, найзаның ұшымен, білектің күшімен елімізді, жерімізді қорғаған бабаларымыздан жеткен мұраларымыз - жыр-дастандарды жатқа айтып, көпшіліктің көңілінен шыға білу бір жағы ұстаздар мен ата-аналардың есселі еңбегі болса, екінші жағынан талай таланттарды түлеткен Арқа өңірінің айрықша қасиеті деп білу керек.

